

Дәрілік заттарды қосымша беру туралы

Күшін жойған

Қарағанды облыстық мәслихатының 2018 жылғы 29 наурыздағы XIV сессиясының № 289 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 4 сәуірде № 4678 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облыстық мәслихатының 2020 жылғы 2 шілдедегі № 553 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облыстық мәслихатының 02.07.2020 № 553 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес, Қарағанды облыстық мәслихаты, **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Амбулаториялық емдеу кезінде дәрілік зат тегін босатылатын азаматтардың жеке санаттарына қосымша берілсін: келесі диагнозбен азаматтарға дәрілік зат (рецепт бойынша): "Онкология" - дәрілік зат "Кризотиниб", "Идиопатиялық өкпелік фиброз" - дәрілік зат "Пирфенидон".

2. Шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін (С.М. Әдекенов).

3. Шешім ресми жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Сессия төрағасы

Облыстық мәслихат хатшысы

М. Ибатов

С. Өтешов